

## **Балалар мен жастар арасында ғылыми-техникалық шығармашылық және робототехниканы дамыту мәселелері бойынша халықаралық құрылымдалған сұхбаттың ұсынымдары**

**2016 жылғы 2 сәуір**

**Қарағанды қаласы**

Қазақстанның мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық басым бағыты ведомствоаралық өзара әрекеттестікті күшейту негізінде балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытуды ұйымдастыру түрлері мен жаңа тәсілдерін анықтау болып табылады.

Техникалық шығармашылық оқушылардың болашақтағы кәсіби қызметін, өзін-өзі анықтауын қалыптастырудың маңызды элементі болып саналады. Қосымша білім берудің маңызды міндеттерінің бірі балалардың шығармашылық бастамасын және өздігімен жұмыс істеуін, конструкторлық және өнертапқыштық дағдыларын дамыту болып табылады. Осы саладағы бірінші кезектегі міндеттерге оқушылардың технология және техника, робототехника саласындағы сапалы қосымша білім алу үшін жағдай жасауды, оның қолжетімділігін арттыруды, оқушылардың жобалық жұмыстарға қатысуын жатқызуға болады.

Ведомствоаралық өзара әрекеттестікті күшейту негізінде балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың ұйымдастырылған түрлері мен жаңа тәсілдерін анықтау мемлекеттік саясат Стратегиясының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Техникалық шығармашылық жүйесін дамытудың басым перспективалық бағыттарының бірі **білім беретін робототехника**, яғни физика, мехатроника, технология, математика туралы кіріктірілген білім мен АҚТ, және әр түрлі жастағы оқушыларды ғылыми-техникалық шығармашылық үдерісіне тартуға мүмкіндік беретін оқытудың инновациялық технологиясы.

Білім беретін робототехника құндылығы ғылыми-техникалық шығармашылықты дәріптеуге және жастар арасында инженерлік мамандық беделін арттыруға, инженерлік-техникалық өзекті міндеттерді практикалық шешу дағдысын және техникамен жұмыс істеуді дамытуға бағытталған.

Балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық шығармашылығын дәріптеу мақсатында жыл сайын республикалық, халықаралық шаралар өткізіледі. Жергілікті деңгейде конкурстық шаралар: көрмелер, жарыстар, чемпионаттар өткізу жүйесі қалыптасты.

Халықаралық құрылымдық сұхбат қатысушылары балалар мен жастар арасында робототехниканы дамыту, балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытуға арналған жүйелі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша бұдан ары бірлесе жұмыс істеу, балалардың бос уақытында қосымша білім беру, соның ішінде робототехника арқылы ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты қарастыра отырып, ұсынады:

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне:**

- ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтері үшін тұрақты негізде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырсын;
- «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ тәжірибесін ескере отырып, оқу және оқудан тыс үдерісте әрі қарай тәжірибеден өткізе отырып, робототехника бойынша білім беру бағдарламасын дайындасын;
- ғылыми-техникалық шығармашылықты, оның ішінде робототехниканы дамыту мәселесі бойынша ведомствоаралық үйлестіру қамтамасыз етілсін;
- республика деңгейінде робототехниканы оқытуды дамыту мәселесінде ведомствоаралық өзара әрекеттестік бойынша Қарағанды облысының оң іс- тәжірибесі кеңінен зерденсін, саралансын және таратылсын;
- Қазақстан жоғары оқу орындарында /робототехниканың/ мехатрониканың арнайы факультеттері, кафедралары және

инновациялық студенттік кәсіпкерлік зертханаларын ашу мүмкіндіктері қарастырылсын.

### **Жергілікті атқарушы органдарға:**

- Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың техникалық шығармашылығын дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын орындау жұмысы жалғастырылсын;
- ғылыми-техникалық шығармашылықты, оның ішінде робототехниканы дамыту мәселесі бойынша Аймақтық Үйлестіру кеңестерінің жұмысы жандандырылсын;
- ғылыми-техникалық шығармашылық, оның ішінде робототехника бойынша аудандық, қалалық, облыстық жарыстар өткізуге көмек көрсетілсін;
- балалар сауықтыру лагерлерінде каникул уақытында ғылыми-техникалық шығармашылық және робототехника бойынша ауысымдар енгізілсін.